

Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру Уәзірлігі

Науайы мемлекеттік педагогика институты

«Шет тілдер» факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы оқытушысы

Ақсауле Шамұратованың

«Педагогика» факультеті 2-курс талапкерлері үшін

Қазақ тілін оқыту методикасы пәнінен түзген

Лекция мәтіндері

Тақырып: Қазақ тілін оқыту методикасының пәні. Қазақ тілінің заңдылықтары мен методикалық принциптері.

Жоспар:

1. Методика туралы ұғым.
2. Тілдің заңдылықтары.
3. Методикалық принциптер.

Тірек ұғымдар.

Метод-гректің методос деген сөзінен шыққан, қазақша- зерттеу жолы деген мағына. Фонологиялық, грамматикалық, лексикалық мағыналарды меңгереді.

Лекциялардың мақсаты:

1. Талапкерлерде осы пән туралы ғылыми- теориялық терең білім орнықтыру.
2. Әрбір азаматтың ана тілі мен әдебиетіне болған сезімдерін нығайту, пәнге болған қызығушылығын арттыру.
3. Бүгінгі Өкімет талаптары мен қоғам жаңалықтарын түсіндіру.
4. Жаңа педагогикалық әдістерден хабардар ету және оны сабақта пайдалана білуге үйрету.
5. Өзара құрмет, мәдениеттілік, әдептілік нормаларын үйрету.
6. Жаңалыққа, ғылымға болған ұмтылыстарын нығайтып, дарындылар мен таланттыларға жол, көмек көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, Ана тілі, 1991 жыл.
2. Қ.Аймағанбетова, Қ.Бозжанова, Ана тілін оқыту жөнінде, 1 сынып мұғалімдеріне арналған құрал, Алматы, 1980 ж..
3. Бастауыш мектеп методикасы, Алматы, 1987 ж.
4. Х.Ибрагимов, Ш.Абдуллаева, Д.Ахатова «Педагогика»Т, 2004ж.
5. Бастауыш мектеп журналы, Алматы, 1998, 1999, 2000 жылдар саны.
6. Өзбекстан Республикасы Кадрлер дайындаудың ұлттық бағдарламасы. Т, 1997 жыл.
7. Білім туралы Заң. Тошкент, 1997 жыл.
8. Ш.Абдуллаева, Д.Ахатова, С.Саийитов, Б.Собиров. Педагогика. Тошкент, 2005 жыл.

Республикамыздың үздіксіз білім тізімінде жүзеге асырылып жатқан өзгерістер ұлттық тәлім-тәрбие тізімін нығайтуға, заман талаптарымен бірлестірілген, әлем үлгілері дәрежесіне сай «ұлттық моделді» өмірге жариялауға, руханиятымызды және де жетілдіруге қаратылған.

Қоғамның жаңаруы тәлім-тәрбие саласын түптен жаңарту, оған жаңаша қатынас және көзқарасты талап етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, саламат, тәуелсіз пікірлеушіақыл жағынан дамыған, жоғары моралді, дарынды жеке адамды дамыту мәселесі Өкімет маңызына қажет мәселелерден бірі болып есептеледі. Бұған Өзбекстан Республикасында қабылданған «Білім туралы» Заң және «Кадрлер дайындау ұлттық бағдарламасы» айқын мысал бола алады.

«Білім өздестіру- деп айтады Америка ғалымы Бенжамин Блум- оқу-тәрбиелік кезенді ұйымдастыруда мақсат және мазмұн объектив тұрғыдан дамыту құралы болып қызмет етеді»

Осы пікірлерден келіп шығып жас балалардың тәлім-тәрбие алуы, өз бетінше үйренуі, еркін, тәуелсіз пікірлеуі үшін оларға берілетін бастауыш білім негізі мықты болуы тиіс.

Қазақ тілі методикасы—ана тілін ұғынудың заңдылықтарын және тіл туралы білімді балаларға үйрету жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогикалық ғылым.

Ана тілін ұғыну заңдылықтары тіл табиғатының өзінен және оны ұғыну психологиясынан келіп шығады. Бұған білім беру жолдары мен құралдары да жағдай жасайды.

Білім беру жолдары мен құралдарына: 1) мақсатты түрде іріктеліп алынған тілдік материал; 2) оқу жұмысын ұйымдастыру; 3) оны үйрету әдістері жатады.

Тілдің өз табиғатынан жеті заңдылық шығады.

Бірінші заңдылық. Тілді ұғыну барысында адам фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналарын меңгереді. Балалар ана тілдің фонологиялық мағынасын, әдеби тілдің орфоэпиялық мөлшерін мектепке дейін-ақ меңгере бастайды.

Оқушылар сөздің лексикалық мағынасын да мектепке дейін меңгереді. Олар мектепке түскеннен кейін мұғалім балалардың лексикалық қорын кеңейту, қолданылатын сөздердің мағынасын анықтай түсу сияқты жұмыстарды жүйелі түрде жүргізеді.

Ана тілінің грамматикалық мағынасымен де балалар мектепке дейін танысады. Мектептің міндеті оқушыларға ана тілінің сан алуан грамматикалық қатынастары мен көріністерін, тіл байлықтарын арттыра түсу.

Методикалық принцип төмендегідей методикалық ережелерді сақтауды талап етеді:

- 1) оқушыларда орфоэпиялық дағды қалыптастыру;
- 2) грамматиканы оқыту барысында логикаға үйрету;
- 3) қазақ тілі сабақтарын басқа пәндермен байланыстырып, балалардың лексикалық қорын байыту және оларды сөйлеуге үйрету.

Осы ережеге сай, бастауыш мектептерде бағдарламалар жасалады, дидактикалық материалдар іріктеледі және оқыту әдістері белгіленеді.

Екінші заңдылық. Тілді ұғыну үшін орасан сезімталдық керек. Зерттеушілер мұндай қасиеттің балада тіпті сәби кезден болатындығын айтып жүр.

Грамматиканы үйрету осы «тілдік сезімталдыққа» сүйеніп іске асырылады.

Бұл принцип төмендегідей методикалық ережелерді сақтауды талап етеді:

- 1) балалардың бұрыннан білетін сөздерін тәртіпке келтіру;
- 2) оқушылар өздеріне белгісіз грамматикалық көріністерді бұрыннан таныс көріністермен салыстыра алатындай дидактикалық материал іріктеледі;
- 3) тілдік фактілерді жинақтауға негізделген әдістерді кеңінен пайдалану.

Үшінші заңдылық. Фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналармен қатар сөйлеу мәнері, сезімге бөлене сөйлеуді меңгереді.

Мұндағы методикалық принцип: сөйлеу мәнеріне назар аудару.

Бұл принципті іске асыруда мына сияқты ережелер сақталады:

- 1) тілдің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналарын үйрену барысында сезімге бөлене сөйлеу мәнерінің жолдарын түсіндіріп отыру;
- 2) ана тілі мен қазақ тілі сабақтарын міндетті түрде байланыстырып отыру;
- 3) тілдерін талдағанда көркем текстердің сезімге әсер ететін бөліктерін таңдап алу.

Төртінші заңдылық. Жазбаша сөйлеу ауызекі сөйлеуді таңбалау жүйесіне аудару ретінде ұғынылады.

Ана тілін оқытуда жазбаша сөйлеудің ауызшамен салыстырылуы мынадай методикалық принципке негізделеді.

Бұл принцип төмендегі ережелерді сақтағанда іске асады:

1) ауызекі сөздегі дыбыстар мен жазғандағы әріптерді салыстырып отыру; 2) дауыс ырғағы мен тыныс белгісін салыстырып отыру; 3) ауызша және жазбаша жаттығуларды ұштастыру.

Бесінші заңдылық.. Фонетикалық, грамматикалық және лексикалық мағыналардың барлығы тіл таңбаларын—дыбыс, морфема, сөз, дауыс ырғағы және тиісті жазбаша таңбалар -әріп, тыныс белгісі—ұғыну барысында меңгеріледі. Тілді оқушы мазмұны және формасы, яғни логикалық, грамматикалық жағынан қабылдайды.

Алтыншы заңдылық. Тілге үйрену, сөйлеу органдарының (өкпе, тамақ, тіл, беттің бұлшық еттері), жазатын қолдың жаттығулары, қимыл-қозғалыстарының тәртіптелуі, дағдының қалыптасуы арқылы ғана іске асады. Әрбір оқушы өзі оқып, жазып, айтып, түрлі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырып, сөйлемдерді сан-салаға өзгертіп, өзі әрекет еткенде ғана нәтижеге жетеді. Бұл заңдылықтан сөйлеу органдары мен жазатын қолды жаттықтыру принципі келіп шығады.

Жетінші заңдылық. Тілге жүйелі түрде сатылап үйрету. Мұнда қайталаудың алатын орны ерекше және бала есінде саналы түрде, түсініп сақтауы үшін ойлау операцияларын қолдану керек: салыстыру, анализ, синтез, дерексіз ұғым, жалпылау, нақтылау және индуктивтік, дедуктивтік ой қорытындыларын жасай алатындай болуға тиіс.

Тілге жүйелі түрде, бірте-бірте үдетіле үйрету заңдылығынан мынадай методикалық принцип шығады: 1) ұштастыра оқыту; 2) қайталау; 3) өз бетімен жұмыс істеуді күшейте түсу.

Бұл принциптерді іске асыру үшін: 1) программаны тиянақты құру; 2) жоспарлы түрде қайталап отыру; 3) жаттығу жұмыстары; 4) оқушыларды ойлау мен сөйлеуге үйретудің тиімді әдіс-тәсілдері іріктеу сияқты жұмыстар жүзеге асырылады.

Сұраулар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тілі методикасы нені зерттейтін ғылым?
2. Қазақ тілін ұғынудың заңдылықтары қандай?
3. Қазақ тілін оқыту әдістері қандай?
4. Бастауыш сыныптарға арналған «Қазақ тілі» және «Ана тілі» оқулықтарымен танысыңдар.

Тақырып: Қазақ тілін оқыту методикасының мазмұны.

Жоспар:

1. Бағдарлама жасаудағы негізгі методикалық мәселелер.
2. Қазақ тілін оқыту әдістері.

Тірек ұғымдар.

Бағдарлама бойынша оқулықтар жасалады. Сөздік, көрнекілік, практикалық әдістер, индуктивтік, дедуктивтік әдістер.

Бастауыш сыныптарда ана тілінен берілетін білімнің мазмұны мектеп бағдарламасында белгіленеді.

Бағдарлама жасаудағы негізгі методикалық проблемалар: 1) ана тілінен қандай теориялық мағлұматтар беріп, практикалық дағдылар мен іскерліктерге үйретуге болатынын анықтау; 2) жекелеген тақырыптардың қайсысын қайсысынан кейін оқыған жөн; 3) ұсынылған материалдарға қанша сағат бөлінетінін белгілеу болып есептеледі.

Бағдарламада көрсетілген көлем мен мазмұнға қарай оқулықтар жасалады. Оқулықтармен қатар түрлі жаттығулар жинағы, диктантар, мазмұндамалар жинағы, дидактикалық материалдар, таблицалар, кеспе тарқатпалар т. б. құралдар жасалады.

Бағдарлама балаларға нені оқыту керектігін көрсетеді, бағдарлама бойынша оқулықтар жасалады.

Ал бұл материалдар оқушыларға қалай үйретіледі. Белгілі бір пәнді үйрету барысында оқушылардың әрекетін ұйымдастыруды оқытудың әдісі дейміз. Оқыту әдістерінің қайсысы болмасын, оқушы мен мұғалімнің ара қатынасын білдіреді. Бұл олардың бірлесіп әрекет ету тәсілдері болып табылады.

Оқыту әдістерінің дидактикалық жүйесі оқыту жолдарының жалпы заңдылықтарын көрсетеді.

Оқыту әдістерін зерттеуші ғалымдар, жалпы алғанда, былайша топтайды: 1) балалардың оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері; 2) оқу-таным әрекетіне түрткі жасау, әсер ету әдістері; 3) оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері.

Бұлардың әрқайсысына бірнеше жекелеген әдіс енеді. Мысалы, 1 топқа сөздік, көрнекілік және практикалық әдістер (олар қабылдау мен есте сақтауға негізделеді); индуктивтік, дедуктивтік әдістер (логикалық

ойлауға негізделеді), өздігінен орындау, мұғалімнің басшылығымен орындау әдістері (қиялға, ерікке негізделеді). Ал II топқа балалардың қызығу мүддесін туғызу, зейінін жинақтау және оқуда борыш, жауапкершілік туғызу әдістері; III топқа ауызша тексеру, жазбаша тексеру, лабораториялық-практикалық тексеру және өзін-өзі тексеру әдістері енеді.

Ана тілін оқыту барысында бұл әдістердің қайсысының қай кезде тиімді екенін мұғалімнің өзі айқындап алып, іріктеп қолданады.

Сұраулар мен тапсырмалар

1. Қазақ тілін оқыту методикасының мазмұны қалай анықталады?
2. Бастауыш сыныптарға арналған қазақ тілі бағдарламасымен танысыңдар; оның көлемі мен мазмұнын байқаңдар және көшіріп алыңдар.
3. Қазақ тілін оқыту әдістері қандай?
4. Бастауыш сыныптарға арналған «Қазақ тілі» және «Ана тілі» оқулықтарымен танысыңдар.

«Педагогика» оқулығы, Ташкент,2005.

Тақырып. Сауат ашу методикасының ғылыми негіздері.

Жоспар:

1. Сауат ашу методикасының негіздері.
2. Сауат ашу кезеңінде дыбыстар мен буындарды әсері.
3. Сөзді үйрену барысында дағдыланатын амалдар.

Тірек ұғымдар.

Дыбыстың жасалуында: оның ырғағы, күші, созыңқылығы, әуені ажыратылады. Амплитуда –латынша сөз-дірілдің кеңдік қарқыны. Орфоэпия- грек сөзі-orthos-тура, дұрыс, epos-сөйлеу деген мағына.

Қазіргі күн оқытушысы терең білімді, кәсіптік пәнін толық иеленген болуымен бірге жоғары адмдық қасиеттерге ие болған,

балалар және үлкендермен қиналмай қарым-қатынасқа түсе алатын, олардың руханиятын, жағдайын түсіне алатын ақиқи шебер педагог болуы керек. Сондықтан сауат ашу методикасында да оқытушының атқаруы керек болған немесе білуі тиіс болған жағдайлар сөз болады.

Сауат ашу методикасы тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің арасындағы айырмашылықтар мен күрделі байланыстарды бірдей ескерген жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Тілдің орфографиясы мен орфоэпиясына қатысты алуан түрлі мәселелерді оқып меңгеру – ең алдымен тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғаты мен фонетикалық заңдарын жете білуді қажет етеді.

Табиғи жағынан дыбыс қандай да болмасын бір дененің белгілі бір ортада теңселіп, қозғалуының нәтижесінде пайда болады да, құлаққа естіледі. Дыбыс өтетін орта—ауа кеңістігі. Ауа кеңістігінсіз ешбір дыбыстың жасалып, пайда болуы мүмкін емес.

Дыбыстың жасалуында: оның ырғағы, күші, созылыңқылығы, әуені ажыратылады.

Дыбыстың ырғағы белгілі бір уақыт мөлшері, әдетте 1 сек. Ішіндегі дірілдің саны; ол неғұрылым көп, жиі болса, ырғақ солғұрылым күшті болады. Ал керісінше, дірілдің саны аз болса, ырғақ та солғындап, әлсірей береді. Адамның құлағы 1 сек. Ішінде 16 дан 20000-ға дейінгі дірілдің нәтижесінде пайда болған дыбысты қабылдап, ести алады. Дауыс құбылысы осы ырғаққа, яғни сөйлеу барысында ырғақтың өзгеруіне байланысты болады.

Дыбыс күші дірілдің қарқынынан шығады. Егер дірілдің кеңдік (амплитуда-лат.амплитудо) қарқыны көбейе түссе, дыбыс күші де ұлғайып, күшейе береді. Сөйлеуде дыбыс күші екпінмен қарым-қатынасқа түседі.

Дыбыс әуені дыбыс дірілінің түрлерімен ұштасады. Дірілдің ритмикалы емес деп аталатын түрлері болады.

-- Тіліміздегі дыбыстар қалай жасалады?

-- Өкпедегі ауаның сөйлеу аппараты арқылы шығуынан жасалады.

-- Дыбыстарды айтуда қайсы мүшелер көп қызмет атқарады?

Әсіресе, дауыс шымылдығы мен тіл айрықша қызмет атқарады: дауыс шымылдығының керіліп тұруынан діріл пайда болады да, үн шығады, ал тілдің бірде көтеріліп, бірде төмен түсуінен, сондай-ақ оның артқы шені мен орта шенінің немесе ұшының қимылынан әр түрлі дыбыстар жасалады.

Қазақ тілінде неше дыбыс бар? Олардың нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыздар? Олар қалай жасалады?

Дауыстылар мен дауыссыздардың жасалуын Бодуэн де Куртенэ: дауыссыз дыбыста қысым- дыбыстау аппаратының бір ғана мүшесіне түссе, дауыстыда бүкіл дыбыстау аппаратына жайылады да, жалпылама өтеді—деп, айқындаған болатын.

Сөйтіп, тіліміздегі дыбыстарды дұрыс айтып үйрену- сауат ашу кезеңіндегі ерекше көңіл аударатын жұмыс. Мұнда дауыстылар мен дауыссыздар салыстырмалы түрде айтылады, балалар бұл дыбыстардың қалай айтылатынын әрі аңғарады, әрі айтып үйренеді.

Сауат ашу кезеңінде балалар дыбыстарды айтуға дағдыланумен бірге олардың қалай таңбаланатымен де танысады. Дыбыстардың таңбасын білу, әріптерді үйрену—сауатты болудың алғашқы баспалдағы. Әріптерді білу арқылы жазуды меңгереді.

Сауат ашу кезінде балалар сөздің дыбыс, буын құрамын меңгереді, сөйлеммен танысады. Буындардан қалайша сөз құрауға болатынын біледі, жаңа сөздер үйреніп, сөздік қорларын байытады, практикалық түрде қазақ тілінің нормасына сай сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып беруге дағдылана бастайды.

Бірінен кейін бірі рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы а л ф а в и т деп аталады.

Дыбыс тіркестерінің, сөздердің дұрыс айтылу ережелері орфоэпия (грек сөзі-orthos-тура, дұрыс, epos-сөйлеу) деп аталады.

Сөз құрамындағы дыбыстар немесе сөздердің аралықтарындағы дыбыстар бір-бірімен өзара үндесіп үйлесе айтылады.

Оқу-жазуға үйретудің алғашқы кезеңдерінде анық естілетін, созып айтуға келетін және дыбысталуы мен таңбалануы бірдей дыбыстардан құралған сөздер іріктеліп алынады. Балалар сауат кезінде өздері көріп тұрған не жазған әріптерінен буын құрай алады. Олар талдау арқылы сөздің қандай буындардан, дыбыстардан құралып тұрғанын ажыратса, жинақтау арқылы дыбыстардан буын, буындардан сөз құрап үйренеді.

Сауат ашу кезеңінде дыбыстар және буын түрлерімен қатар сөздің құрамындағы дыбыстардың аз-көптігінің де әсері болады. Яғни, алғашқы сабақтарда екі-үш дыбысты сөздер үйретілгені дұрыс. Бірақ қазақ тілінде екі-үш дыбысты ашық буыннан құралған сөздер өте аз. Сондықтан бір-екі сабақтан кейін-ақ бірнеше дыбыстан құрылған сөздер мен тұйық буын қатар өтіледі. Екі дыбысты ашық және тұйық буыннан үдету амалымен үш немесе төрт дыбысты сөздер құрастырылып үйретіледі. (ШО-ра, ша-на, ал-ма, ар-ша т. б.).

Балаларға сөздерді, біріншіден, мағынасы жағынан, екіншіден, қолданылу аясы мен шеңбері жағынан үйретудің олардың ойы мен тілін дамыту үшін маңызы зор.

Сөзді үйрену барысында балалар мынадай дағдыланулары тиіс: 1) сөздің мағынасын айту; 2) сөзді тағы қандай мағынада қолданылуға болатынын айту; 3) осы мағынаны тағы қандай сөздермен білдіруге болатынын айту; 4) сөйлеуде лексикалық құралдарды дұрыс пайдалану; 5) мағына жағынан ұқсас немесе қарама-қарсы сөздердің қолданылуын аңғару.

Сұраулар мен тапсырмалар.

1. Оқытудың алғашқы сатысында сөйлеу органдарының қызметі қалай пайдаланылады?
2. Орфоэпияға өздіктеріңнен мысалдар келтіріңдер.
3. Сауат ашу жұмысына қажетті фонетикалық мәліметтерді айтыңдар.

Сауат ашу кезеңіндегі жұмыстар.

Жоспар:

1. Сауат ашу кезеңдерінің бөлінуі.
2. Сөйлем және сөз сабағын үйрету маңызы.
3. Сөз және буын, дыбыспен таныстыру.

Сауат ашу кезеңі негізінен үшке бөлінеді:

1. Әліппеге дейінгі дайындық кезеңі.
2. Әліппе кезеңі.
3. Әліппеден кейінгі кезең.

Дайындық кезеңде бөбектерді бір коллективке ұйымдастыру жұмысына баса назар аударылады. Өйткені 6-7 жасар баланың мектепке оқуға түсуімен байланысты жаңа жағдайға, жаңа адамдарға (мұғалімге, балаларға) үйрену, олармен қарым-қатынасқа түсу балаларға басында әжептәуір салмақ түседі. Мұнда балалардың барлығы бірігіп, әсіресе бір-бірінен сұрап, анықтау арқылы орындайтын тапсырмалар беру оларды жақындастырады. Сонымен қатар балаларды біріктіруде ойын ерекше рол атқарады.

Дайындық кезеңінде оқуға , жазуға әзірлік жасалады. Мұғалім балалардың білім дәрежесімен танысады; қалай сөйлей алатындары, қандай өлең-тақпақтар білетіндері анықталады.

Бұл кезеңде мынадай жұмыстарға баса көңіл аударылады;

1. Балалардың сөздік қорын анықтау
2. Балаларға ауызша қысқа-қысқа сөйлемдер құратып, өз ойларын айтып беруге дағдыландыра бастау.
3. Балалардың тіліне , сөйлеу мәнеріне көңіл аудару; тіл мүкістіктері , кейбір дыбыстарды анық айта алмау жақтарын жою бағытында жұмыстар ұйымдастыру.
4. Мұғалімнің және жолдастарының сөзін тыңдай білуге дағдыландыра бастау.
5. Сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы ауызша түсінік беріп, сөйлемді сөзге , сөзді буынға, буынды дыбысқа жіктеуге дайындық. .
6. Жазуға дайындық жұмыстары жасалады: партаға дұрыс отыру, қарындаш-қаламды дұрыс ұстау, дәптерді партаға дұрыс қою, сия сорғыш, өшіргішті пайдалану сияқты жұмыстармен қатар балалар дәптердің сызығымен таныстырылады:өздері тік, көлбеу, ирек сызықтар сызып дағдыланады.

Оқушылардың қолын жазуға жаттықтыру үшін мұғалім әріп элементтеріне ұқсас фигуралар жасап, оны оқушыларға сыздырады.

Дайындық кезеңінде балалардың зейін, ерік,қиял т.б ерекшеліктеріне баса назар аударылады.

Бұл кезеңде жүргізілетін жұмыстың ерекшелігінің бірі балалардың мектепке дайындық дәрежесінің әр түрлілігі . осыған орай , жекелеген балаларға қалай ықпал жасау жолдарымен жұмыс түрлері ойластырылады.

Алғашқы сабақтарда балалардың тілімен ойын дамыту жолында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады: әңгімелесу, көркем шығармалар оқу, ауыз әдебиет үлгілерін жатқа айту, өлеңдер жаттау,сурет,экскурсия бойынша әңгіме барысында мұғалім өзі қоятын сұрақтарын ойластырады.

Дайындық кезеңде мектеп тәртібі, оқу құралдарымен оқу жабдықтарын пайдалану тәртібін үйретуге ерекше көңіл аударылады.

Кеспе әріптердің кассасын жасату және оны пайдалану жұмыстарына жаттықтыру да осы кезеңде іске асырылғаны жөн. Өйткені әріп таныту кезеңінде балаларға қойылатын талап тым көбейіп кетеді де олар үлгере алмай қалады. Дайындық кезеңіндегі сабақтардың

жүйесін былайша көрсетуге болады: « **Сөйлем және сөз**» тақырыбына арналған сабақ(ауызша) .

1. Мұғалімнің ертегі айтып беруі, әңгіме оқып беруі.
 2. Айтылған ертегі немесе оқылған әңгіме бойынша сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу.
 3. Тыңдағандарын оқушылардың өздеріне айтқызу.
 4. Әңгімені сөйлемге ажырату.
 5. Сөйлемдердегі сөздерді табу.
 6. Ертегідегі немесе әңгімедегі ең қызық суреттелген жерлерді балаларға айтқызу. Ертегіні диалог түрінде ролге бөліп айтқызу.
- « **Сөз және буын**» тақырыбы бойынша сабақ .

1. Әліппенің алғашқы беттеріндегі суреттер бойынша әңгіме жүргізу .
2. Оқушылардың айтқандарын сөйлемге талдау.
3. Сөйлемдерді сөзге талдау.
4. Сөздерді буынға талдау.
5. Сөздің алғашқы немесе соңғы буындарын жауып қойып, оны оқушыларға тапқызу.
6. Әңгімелеген заттардың суреттерін салу немесе пластилинмен жасату.

Дыбыспен таныстыру сабағы.

1. Жұмбақ жасырып, оқушыларға шешкізу; осы жұмбақпен оның шешуі бойынша әңгімелесу.
2. Әңгімені сөйлемдерге, сөйлемдерді сөздерге, сөздерді буындарға талдатқызу.
3. Дыбыспен таныстыру: а-ра, ал-ма, а-ғаш, а-па т.б. сөздерді талдай отырып «а» дыбысына көңіл аударылады.
4. Таныс дыбыстан басталатын сөздер ойлату.
5. Айтылған кейбір сөздердің суретін салғызу.

Сұраулар мен тапсырмалар:

1. Сауат ашу кезеңіндегі жұмыстар нешеге бөлінеді?
2. Сөйлем және сөзді үйретуде нелер орындалады?
3. Буынмен таныстыру сабағында нелерге көңіл бөлінеді?

4. Дыбыспен таныстыру сабағында нелер орындалады?
5. Әріптермен таныстыру сабағына үлгі дайында.
6. Әріптер кассасын дайындаңдар.

Тақырып: Сауат ашу барысында жазуға қойылатын талаптар.

Жоспар:

1. Жазуға қойылатын негізгі талаптар.
2. Жазуға кірісердегі гигиеналық талаптар.
3. Сауат ашу кезеңінде пайдаланатын көрнекі құралдар.

Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Жазуға негізінен мынадай талаптар қойылады:

- А) әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;
- Ә) әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы етпей, тегіс, бірдей жазу;
- Б) әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай, сәл көлбете жазу;
- В) әріптердің, сондай-ақ сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап(сөздер бір-бірінен м әрпінің көлеміндегі қашықтықта болуға тиіс) отыру;
- Г) бірте-бірте жазу қарқынын тездетте түсу.

Бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында да жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс.

Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптар:

- а) дәптер партаның үстіне, баланың кеудесінің қақ ортасына тура келетіндей болып, сәл көлбетіле (оңға 65) қойылады;
- ә) бала басын оңға не солға, иықтарын, кеудесін алға не артқа қисайтпай, аяқтарын қатар қойып, алдына түзу қарап отырады. Бұл олардың омыртқалары, көкірегі дұрыс жетілу үшін қажет.
- б) балалар табандарын еденге еркін басып отырады. Тізені қатты бүкпей, бір аяқты екінші аяқтың үстіне қоймай, аяқтарын я алға, я артқа сілтемей отырғаны дұрыс;

в) партаға көкіректі тіремеу керек. Өйткені бұл тынысты тарылтады, жаңа өсіп келе жатқан кеудені бұзады.;

г) қаламды ұстағанда саусақ қаламұштан үш сантиметрдей жоғары тұратындай болып және қаламның жоғарғы жақ ұшы оң иықтың тұсына дәл келетіндей жағдайда болғаны жөн;

д) жазғанда баланың көзі мен дәптер аралығындағы қашықтық 25-30 см сақталуға тиіс.

Сауат ашу кезінде жазу сабақтарында алалар әріп элементтерін немесе жекелеген әріптерді жазғанда ұзақ уақыт жазып отырмауын қадағалау керек. Өйткені ұзақ уақыт бір-екі элементті немесе бір әріпті жаза берсе, бала шаршайды да, сабаққа зейін қоюдан қалады, сондықтан үш- бес минут жазғаннан кейін қолдарына демалыс беріп, сонан соң құрамында үйреніп отырған әрпі бар сөздерді жазуға көшкені дқыс.

Жұмыс түрі өзгергенде балалар да оған зейін қоя бастайды.

Сауат ашу барысында балалар сөздер мен сөйлемдерді естерінде ұстап жазуға үйренулері қажет. Ол үшін айтылуы мен жазылуының арасында ешбір айырмашылық жоқ сөздер алынады және бұл кезде әріптердің таңбасы арқылы берілген сөздер мен сөйлемдерді көшіріп жазу ұсынылады, ал сауат ашу аяқталғаннан кейін, баспа таңбалы әріптер жазылған текстер көшіртіледі. Осы жұмыстардың бәрінде де оқушылар жазуға кіріспес бұрын сөздер дыбысқа, буындарға талданады.

Сұраулар мен тапсырмалар.

1. Сауат ашуға дайындық кезеңінің негізгі міндеттері және осы кезеіде істелетін жұмыстар туралы әңгімелеп айт.
2. Сауат ашу барысында жазуға қойылатын талаптар қандай?
3. Жазуға кірісерде орындалатын гигиеналық талаптар қайсылар?
4. Жазуға үйренуде сөзді буындап, іштен қайталап айтудың пайдасын айтыңдар.
5. Бір сабақтың конспектісін жасаңдар.

**Тақырып: ОҚУ САБАҚТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ
ДАҒДЫЛАРЫН , ШЕБЕРЛІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ.**

Жоспар:

1. Баланың дағыларын аттыру үшін орындалатын жұмыстар.

2.Балалардың шеберліктерін есепке алу жұмыстары.

«Ана тілі» сабақтарында мұғалім балалардың қаншалықты саналы , дұрыс оқуларын бақылай отырып , анықтай алады. Кластан тыс оқығандары бойынша әңгімелесу және өз беттерімен оқыған кітаптарынан түсінгендерін айтып беру. Балалардың оқуға қаншалықты ынталы екендігін , шығарманың идеясымен мазмұнын қаншалықты терең түсінген-түсінбегендерін көрсетеді. Сонымен бірге оқуы кем балаға дұрыс, саналы және шапшаң оқу дағдысын қалыптастыруға, жетілдіруге уақытында көмектесу үшін, оны жүйелі түрде есепке алу керек. Мұндай есеп әсіресе 1,2 және3-сынып оқушыларына керек.

Мұғалім дағдымен іскерлікті , шеберлікті есепке алу үшін бөлек дәптер арнайды. Онда әрбір оқушыға бірнеше жол, орын береді де, сыныпта оқыған кезде жіберген кемістіктерін белгілеп қояды.

1-сынып үшін дағдылармен шеберліктерін толық есепке алатын схема жасауға да болады.

Фамилиясы аты	Қате саны	О қ у т ә с і л і				Бір мин утта оқы ған сөз саны	Оқ ы ған ын тү сі не ді	Мәнер лілік	Баға
		Ә рі п те п	Буын дап, үзіп	Буын дап, созып	Тұт ас сөз				
Омаров Асан	3	-	-	Иә	-	24	Иә	Нүкте де пау за жоқ	3
Сәлменов Серік	1	-	Қиы н сөз дер ді	-	-	29	Иә	Нүкте де даусын бәсең дет педі	3

Бастауыш сынып оқушыларының дағдыларын, шеберліктерін есепке алу үшін, программалық талаптарға орай, аудандық методикалық кабинеттің ұсынған формасы пайдаланылады.

2-сыныптан бастап іштен оқуға мұқият көңіл аударылады. Іштен шапшаң оқу сағат арқылы тексеріледі: оқудың басталу уақты белгіленеді, балалар оқып болғанда қол көтереді, мұғалім ең асығыс оқушылармен ең жай оқитындарды белгілейді. Саналы оқу ауызша және жазбаша тапсырмалар арқылы тексеріледі. Текстті асығыстықтан шала түсінген оқушымен арнайы сабақ өткізіледі.

Оқу жылының басында және әр тоқсанның аяғында барлық оқушының дағдылану дәрежесі тексеріледі. Бұл үшін көлемі қысқа жаңа бір текст беріледі. Оны дауыстап оқу арқылы мұғалім оқудың дұрыстылығын, орфоэпиялық норманы сақтау жөнінде кімнің қалай оқығанын белгілеп отырады. Шапшаңдық белгілі бір уақыт мөлшерінде қанша сөз оқығанымен, ал саналылық сұраққа жауап беру сияқты жұмыстармен өлшенеді.

Тексті саналы қабылдау арнайы берілетін тапсырмалар арқылы да тексерілуі мүмкін. хабарлама сипатындағы текст 3 немесе 4 ке бөлінеді де, араластырылады. Оқушы оны оқып, әр бөлікті жүйесімен біріктіруі тиіс. Мұны әрі тез, әрі дұрыс орындаған оқушы саналы қабылдауға жақсы дағдыланған болып есептелінеді.

Екінші бір жағдайда балалар оқыған тексттеріне жоспар жасайды және сол үзіндіге ат қояды. Үзінді бойынша оның бұрын өздері оқыған қандай шығармадан алынғанын айтып беру ұсынылады.

Кейбір оқушылардың оқу кемістіктерін түзету үшін олардың себептерін анықтау қажет. Мұндай кемістіктер әр түрлі болады, мысалы: зейіннің тұрақсыздығынан, зейінін шоғырландыра алмаушылық буындап оқу дағдысының қалыптаспағандығынан оқушының тіл кемістігі т.б. мұндай кемістіктерді жою барысында істелетін жұмыстар дұрыс оқу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Оның қажеттілерін бекіте түседі.

Мәнерлеп оқи алмау саналы оқуға олақтықтан туады, яғни демді дұрыс ала алмау немесе дикция кемістігі. Ал текстті шала ұғынудың өзі де түрлі жағдайларға байланысты: ақыл-ой дамуының жеткіліксіздігі, сөздік қордың тапшылығы, оқушының ұқыпсыздығы т.б.

Оқушының бойында қалыптасуға тиісті дағды мен шеберлік программа талабына сәйкес болу үшін мұғалім аталған кемістіктерді жоюға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізеді.

Сұраулар мен тапсырмалар.

1. Дағдыны қандай жолдармен, қалай қалыптастыруға болады?

2. Дағдыны қалыптастырудағы мақсат не?
3. Шеберлік дегеніміз не және ол қалай қалыптасады?
4. Баланың дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруда мұғалім қандай роль атқарады?
5. Бір сыныптың екі оқушысының бойында оқу сабақтарында қалыптасқан дағды мен шеберліктерін зерттеңдер, өз көздеріңе түскен кемшіліктердің себебін түсіндіріңдер және оларды жою жолдарын көрсетіңдер.

Тақырып:

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚУ САБАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

Жоспар:

1. Оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстары.
2. Тәрбие жұмыстарының маңыздылығы.

Тексті оқу ондағы басты ойды табу, оның мазмұнын ұғыну, көркемдік тіл құралдарын талдау, сауатты түрде оқу шеберліктерін арттырумен қатар адамгершілік нормаларына үйренуге де мүмкіндік жасайды.

Оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлерін қысқаша былайша топтап көрсетуге болады:

1. Ана тілі оқулықтарында Ыбырай Алтынсарин, Абай, Бауыржан Момышұлы т.б. бабаларымыз туралы әңгімелер, олардың өлеңдері, айтқан нақыл-өсиет сөздері көптеп беріледі. Осы материалдар арқылы балалар үлкен адамгершілікке, қарапайымдылық пен қайырымдылыққа, еңбексүйгіштікке, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, бір-біріне қамқорлық жасауға үйренеді. Мұнда олардың тәрбиелі өмір жолдарынан үлгі алу тәрбиесі беріледі.

2. Оқу кітаптарында адамның қайырымдылығы, оның алуан түрлі көріністері талай-талай ситуацияларда көзге түседі. Әр түрлі шығармаларды оқу барысында балаларда қайырымды адам жөнінде елес жасалады. Қайырымдылық дегеннің мәнісіне (қайырымдылық-айналадағы адамдарға, жолдастарына, достарына, туыстарына қамқорлық жасау, қиындыққа кездескендерге көмектесу) түсінеді. Оқулықтардан қайырымдылық жөніндегі материалдарды іріктеп, балалар өз қылықтарымен салыстыратындай жағдай жасалады.

3. Балаларды еңбекті сүйуге, оны қадірлеуге және өздерінің қолдарынан келетін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға бағыттайтын материалдар

оқу кітаптарында мол берілген. Осыған байланысты олар өздерінің бүкіл халықтық іске қатысқандарына өздері баға беріп, оны саналы түрде сезінулері керек. Мысалы: «Сен көктемде қандай жұмыстарға қатысасың?» т.с.с. сұраулар арқылы бағыттауға болады. Балалар да өз ісіне жауапкершілік туғызып, еріктің қасиеттері мен күшін жетілдіре түсуге көмектеседі.

4. Заттар, құбылыстар жөнінде білім берумен қатар, олардың арасындағы өзара сабақтастықты байқауға мүмкіндік жасау, балалардың санасында жанама бейнелердің тууын қамтамасыз етеді, ойлау процесін тәрбиелейді және оның жетіле түсуіне жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, тәрбие жұмысы барлық пәндер бойынша, бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі.

Сұраулар мен тапсырмалар.

1. Оқу сабақтарында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлерін атап көрсет.
2. Өлең шығармалардың біреуінен қандай тәрбиелік мән бар екенін анықтап, мәннерлеп оқыңдар.
3. Оқулықтардан нақты тақырыпты таңдап алып, ол бойынша үйге берілетін нақты тапсырманы белгілеңдер.

Тақырып:

САУАТ АШУ КЕЗЕҢІНДЕ БАЛАНЫҢ ТІЛІ МЕН ОЙЫН ДАМЫТУ.

Жоспар:

1. Балалардың психологиялық ерекшеліктеріне көңіл бөлу.

2. Байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысы.

Соңғы психологиялық зерттеулерге қарағанда бастауыш сынып балаларының өзін теориялық ойлауға, жалпыдан жекеге көшу, заттармен құбылыстардың арасындағы байланысты аңғаруға үйретуге болатыны анықталады.

Егер мектепке оқуға түскен бала әлі заттармен құбылыстардың негізгі белгілерін айыра алмайтын болса, мұның өзі олардың тәжірибесінің аздығынан, білімнің жеткіліксіздігімен шашыраңқылығынан деп түсінген жөн.

Осыған орай, 1-сынып оқушыларының заттар, құбылыстар туралы елестерін анықтап, бір жүйеге келтіру қажет. Бұл жұмыс әуелі әліппеде

берілген сөздер арқылы жүргізіледі. Сөздік қорды байыту заттар мен құбылыстар және олардың арасындағы байланыстар жөніндегі елестерді анықтаумен қатар жүріп отыруға тиіс.

1-сынып балалары естігендері, көргендері, кейбіреулері оқығандары жөнінде айтып бере алады. Алайда олардың сөйлемдері нашар, жүйесіз құрылған, белгілі бір жоспармен айта алмайды. Ойы негізгі нәрседен басқаға тез ауысып кетеді. Мысалы: ойынның түрлері жөнінде әңгімелегенде, шешесімен барып, дүкеннен ойыншық сатып алғанына ауысады т.с.с. Егер мұғалім әңгімені дұрыс салаға бағыттап отырмаса, тіл дамыту құр мылжың болып кетуі мүмкін. Мұндағы негізгі міндеттің өзі – балаларды белгілі бір жүйемен сөйлеуге үйрету ғой. 1-сынып оқушылары сурет бойынша сөйлегенде де ұсақ бөліктерге көбірек тоқталады. Мұның өзі де олардың ойының жинақы еместігін көрсетеді. Ал текст бойынша сөйлегенде көбіне сөзбе-сөз айтуға, яғни тексттің сөзімен баяндауға тырысады. Бұл құбылыс олардың көбінесе естің жұмысына сүйенетінін байқатады. Сондықтан балаларды ойлауға, сөздерді «көре» білуге, оның мағынасын ұғынуға үйрету жағына баса назар аудару қажет.

1-сынып оқушысы дыбыстық талдауды меңгеру барысында дыбыстар тобын еркін ұғына алады, негізгі типтік дыбыстарды абстракциялайды, осының арқасында жазуға үйренеді.

Оқуды меңгеру барысында да оқушылар әрбір жеке дыбысты, оның әрпін естерінде ұстау емес, дауысты, дауыссыз дыбыстардың негізгі қасиеттеріне үйренеді. Мұнда балалардың көрнекі-бейнелік ойлауы пайдаланылады.

Оқушылардың тілін дамыту әліппедегі текстер мен суреттер арқылы жүргізіледі. Әліппеде бағана-бағанамен берілген сөздер өмірдің әр саласын қамтиды: балалар мен үлкендер өмірі, табиғат құбылыстары, баланы қоршаған сан алуан заттар, өсімдіктер, жануарлар дүниесі т.б.

Оқушылар әр топтағы заттармен, олардың қызметімен, неден жасалғанымен танысады. Соңында оларды топтастырады; негізгі белгілеріне қарай ажыратады. Мысалы, шеті иректелген жапырақтарды бір топқа, қылқан жапырақты ағаштар: шырша, үйеңкі т.б.

Байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысы.

1- сынып оқушылары сөйлеу сөйлемнен тұратынын біледі. Олар сөйлемді сөзге бөледі. Бір сөйлемде қанша сөз бар екенін анықтайды, өздері екі-үш сөзден сөйлем құрайды. Ертегіні қайталап айтқанда, әңгімелескенде олар сөйлеммен сөйлейді. Әрине, бұлар сөйлем туралы тек алғашқы мәліметтері, бұл мағлұматтары кейін грамматика сабақтарында нақтылана түседі.

Әліппе кезеңіндегі негізгі міндет- балаларды ауызша сөйлем құрауға үйретуді және олардың сөйлеу қателіктерін түзетуді көздейді.

Байланыстарып сөйлеуге үйрету сұрақ-жауап түрінде жүргізіледі. Ол әңгіменің жоспары іспеттес болуы керек.

Логикалық байланыстырып сөйлеуге үйрету үшін деформациялық текстер алған жақсы.

Байланыстырып сөйлеуге үйретуде диафильм, мультфильм немесе балалардың ойыны, сондай-ақ мектептегі қандай да болмасын бір оқиға жөнінде де әңгімелесу тиімді нәтиже береді.

Сөйлеуге үйретуде дыбысты дұрыс айтып және оны дәл қабылдаудың маңызы зор. 1-сынып оқушыларының бірқатары дыбысты дұрыс айта алмайды.(р, л, с, ш, з, ж, щ, ц).

Дыбысты бұзып айту сөзді дыбыстық талдау процесінде көрінеді.(Мысалы, шаш, шана сөздерінен «ш» дыбысын бөліп көрсеткенде т.б.).Баланың сөйлеу кемшілігін жөндеу әрбір баламен үнемі жеке жұмыс жүргізуді талап етеді.

Дыбысты бұзып айту бірқатар жағдайда оны дәл қабылдай алмағандықтан болуы мүмкін. Мысалы: ұяң дауыссыздарды қаттылау айту, айтылуы ұқсас дауссыздарды ажыратпай, түсініксіз айту (с-ж, ж-з,ч-щ, т.б.). Мұндай жағдайды балаға осы дыбыстардан қос буын құратып айтқызса, (па-ба, ба-па, ка-га, га-ка, жа-за, за-жа, жа-ша, ша-жа) оңай білуге болады.

Егер баланың сөйлеуі анық болмаса және ол түзеле қоймаса, мұндай жағдайда оны маман мұғалімге-логопедке жіберу керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Сауат ашу кезеңінде балалардың тілі мен ойын дамыту жұмысының міндеттерін айтындар.
2. Байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысы қалай жүргізіледі?
3. Дыбысты дұрыс айтуға және қабылдауға қалай үйретуге болады?
4. 1-сынып оқушыларының тілі мен ойын дамытуға арналған бір жаттығу, бір тапсырма жасаңдар.

Тақырып:

Дайындықтары әртүрлі оқушылармен жүргізілетін сауат ашу жұмысының ерекшеліктері.

Жоспар:

1. Дайындығы әр түрлі балаларға берілетін тапсырмалар.
2. Суреттерге қарап әңгіме құрату немесе логикалық жаттығулар.

1-сыныпқа оқуға дайындықтары әр түрлі балалар келеді. Олардың ішінде кейбіреулері кітапты жүгіртіп оқи алады, ал екіншілері ежелеп оқиды, үшіншілері буындап оқиды, төртіншілері тіпті оқи да алмайды, әріп те танымайды.

Сондықтан мұғалім ең алдымен өз сыныпына түскен оқушылардың құрамымен танысады, олардың қайсысының қалай оқитынын біледі. Жүгіртіп оқи алатындарға «Әліппе серігінен» қосымша материал беріледі. Ежелеп оқитындарға «Әліппеден» әріптерді қосып оқу тапсырмалары орындатылады. Дайындығы нашар балалармен сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта үнемі жеке жұмыс жүргізіледі.

Әрбір оқушының дайындығына қарай, тапсырма дәл, тез беріліп, оларды түгел қамтиды. Мұнда әрбір бала бір тапсырманы орындағанда сол сынып коллективінің ең бір пайдалы мүшесі сияқты сезінетін жағдай жасалғаны жөн.

Оқуға алынатын материал сабақтың жалпы тақырыбына сәйкес іріктеледі (әдетте «Әліппенің» беттеріне сай), бірақ әр баланың мүмкіндігіне қарай, әр түрлі сөздер, буындар, сөйлемдер таратылады. Осы принцип Әліппеден кейінгі кезеңдерде, «Ана тілін» оқығанда да дидактикалық материалдар таратқанда да сақталып отырады. Бұл жұмыстардың барлығының көдейтін мақсаты – сабақ үстінде оқушылардың келісімді қызмет жасауын қамтамасыз етуін, әр оқушының дайындығына қарай, оқу дағдысын жетілдіру.

Қайсыбір жағдайларда сөздерді тақырыпқа қарай топтатып үйретеді. Мысалы «құрал саймандар». Оқушыларға бірнеше картинка үлестіріледі. Енді ғана әріп танып, оқи бастағандар: айыр, ара, орақ, біз, машина суреттерін алады. Олардан гөрі тәір оқитындар: шалғы, балға, балта, күрек, егеу, ине алады. Олардан да жақсы оқитындар: тырнауыш, қайшы, тақта, шелек, шеге алады. Әрбір оқушы құрал-сайманға жататындарды іріктеп сөйлем құрайды. Мұғалім тексеріп, қателерін жөндейді. Осыдан соң ол әр оқушыдан ол сөзді неге құрал-сайманға жатқызғаны, ол құралмен не істелетіні, қалған картинканы неге құрал-сайманға жатқызуға болмайтыны айтқызылады.

Сөйтіп заттардың атын айтып, сөз құрау жұмысы логикалық жаттығулармен ұштастырылады.

Әрбір сабақта балалар өздіктерінен орындау үшін тапсырма алады. Жаңа оқи бастағандар бірте-бірте күрделі тапсырмаларды орындай отырып, жүгіртіп оқи алатындарды көп ұзамай қуып жетеді.

Балалардың өздіктерінен орындайтын жұмыстарының үлгілеріне мысал: Жаңа оқи бастағандарына: Әліппеден мал сөзін құрау; мал тексін оқу. Жүгіртіп оқи алатындарға: мал аттарын құрау; оған өздіктерінен текст құрастырып айтып беру т.с.с.

Сұраулар мен тапсырмалар.

1. Дайындығы әр түрлі балалармен ұйымдастырылатын жұмыстың негізгі принциптері қандай?
2. Дайындығы әр түрлі балалармен қандай жұмыстар жүргізуге болады?
3. 1 –сыныпта дайындығы әр түрлі балалармен өткізілетін бір сабақтың жоспарын жасаңдар.

Тақырып: Оқу сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар.

Жоспар:

1. Көрнекі құралдарды қолданудың жалпы тәсілдері.
2. Көрнекі құралдардан пайдаланудың тиімділігі.

Балаларға ана тілін үйретуде көрнекіліктің алатын орны жөнінде К.Д.Ушинский «көрнекілікке үйретуді ана тіліне үйретуден бөлу мүлде қате» деген болатын. Өйткені көрнекілік бақылампаздықты, ойлауды дамытуды және балалардың бақылағандарын сөзбен дұрыс айтып беруге, одан логикалық қорытындылар шығаруға дағдыландырады.

Оқу сабақтарында көрнекілікті қолдану мүмкіндігі орасан мол: айнала қоршаған дүниені бақылау, экскурсияға шыққанда бақылау, оқушылардың жинаған заттары, жеке және коллекция түріндегі гербарийлер, жануарлардың, құстардың тұлыбы, модельдер, макеттер және панорамалар (оқушылардың өздері дайындайды), кинофильмдер, түрлі картиналар, портреттер, дискткр, слайдтар, оқулықтағы суреттер, видео кассеталар, аудио кассеталар, магнитофон, телевизор, компьютер т.б.

Жоғарыда біз сабақтың әр бөлімдеріне байланысты көрнекі құралдардың қалай пайдаланылатынына тоқталып отырғанбыз. Сондықтан бұл жерде көрнекі құралды қолданудың жалпы тәсілдерін ғана көрсетеміз:

1. Кинофильмдерге бару, театрдан немесе телевизордан, компьютерден пьесалар, кинолар көру көркем шығарманы

оқудың орнына жүре алмайды. Бұлар кейде көрнекілік ретінде, тексті екінші оқығанда немесе оған қорытынды әңгіме жасағанда пайдаланылады. Көрсетілген диафильмдер материалға тақырыбы жағынан да, мазмұны жағынан да тығыз байланысып, бір-бірімен қабысып тұруға тиіс.

2. Фильмдер көбінесе тексті оқу алдында көрсетілгені дұрыс. Суретшілер, ғалымдар, жазушылар т.б. портреттері де оқуға дайындық кезінде пайдаланылады.
3. Дайын гербарий мен коллекциялар, сондай-ақ балалардың өздері жинаған заттарды, ғылыми мақалаларды оқуға дайындық кезінде зерттеу объектісі ретінде көрсетіледі. Бұл заттарды шығарманың басқа түрлерін оқу кезінде де пайдалануға болады.
4. Оқу сабақтарының барлығында да қолданылатын көрнекіліктің басты түрі көркем суреттер деуге болады. Бұл дайындық кезде де, оқу барысында да, шығарманы талдау кезінде де, жоспар жасау кезінде де, қорытынды әңгіме жасағанда да көмекші құрал есебінде де қызмет атқарады. Алайда мұнда есте болатын жағдай- көрнекі құралды тым көп қолданып, текстің ролін төмендетіп алудан сақ болған жөн. Оқушыларда оқу барысында туатын эмоция мен бейнелер балалардың өмір тәжірибесіне қарай, жасы өскен сайын күшейе береді.

Мәнерлеп оқу, сөзбен суреттеу, сондай-ақ басқа да творчестволық жұмыстар балаларды оқығандарын көрнекіліксіз-ақ саналы түсінуге болады.

Сөйтіп, оқу сабақтарында балаларды жан-жақты тәрбиелеу, оларға білім беру т.с.с. міндеттерді іске асыру үшін көрнекі құралдың орасан зор маңызы бар.

Сұраулар мен тапсырмалар.

1. Оқу сабақтарында қандай көрнекі құралдар қолданылады?
2. Оқу кітаптарынан бір мақаланы таңдап алып, оны түсіндіру үшін қандай құралдарды, қалайша пайдалануға болатынын түсіндіріңдер.
3. Бүгінгі күнде қайсы көрнекіліктерден пайдалануға мүмкіндік бар.
4. Отан туралы сабаққа тиісті бір көрнекілік жасаңдар.

Оқу және тіл дамыту методикасы

Тақырып: Оқудың маңызы мен мақсаты және принциптері.

Жоспар:

1. Бастауыш сыныптардағы оқу сабақтарының мақсаты.
2. Бастауыш мектептегі оқудың негізгі принциптері.

Бүгінгі бөбек—ертеңгі азамат—қоғам иесі. Балғын бөбектерге ең алғаш жол көрсетуші, бағыт беруші—бастауыш мектеп мұғалімдері. Ақ жүрек, балғын бөбектерге білім мен тәрбие есігін ашу бастауыш мектеп мұғалімдеріне абыройлы да жауапты жұмыс жүктейді. Өйткені білім мен тәрбие негезә- бастауышта қаланады.

Тәуелсіздікке еріскеннен кейінгі кезеңдерде бөбектердің жеке басын қалыптастыру, ұлттық идея мен өздігін аңдау, еркін пікірлеу ісін тиянақты жолға қоюға үкіметіміз жағынан баса назар аударылуда. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар тәрбиесі –бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналғанын Президентіміз И.А.Каримов өзінің пікірлерінде қайта-қайта айтады және келешекті бізден де күшті, білімді, бақытты жастар қолына сеніммен тапсыратындығын білдіреді. «Біздің перзенттеріміз бізден де күшті, білімді және әлбетте бақытты болулары тиіс».

Осы үмітті ойдағыдай ақтау үшін, біздің мектептеріміз жас балдырған алғаш рет мектеп табалдырығын аттағаннан бастап-ақ, оқыту, тәрбиелеу және даму процестерін тығыз ұштастыра жүргізіп, өз өрендеріне дүниенің алуан түрлі сырларын ашып береді, оларды білімнің бай қазынасын терең меңгеруге, қоғамның белсенді азаматы болуға баулиды. Осы тұрғыдан қарағанда бастауыш мектептердегі оқу сабақтарының мақсаты:

1. Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру.
2. Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру.
3. Балаларды жас өспірімдер мен үлкендердің үлгілі ерлік істерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, бір-бірін сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу.
4. Сүйікті Отанымыздың мейлінше бай, көрікті, көркем сұлу табиғаты жайлы материалдармен танысу, табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай біліп, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті барлай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу.
5. Бағдарлама көлемінде ғылым негіздерінен ең қарапайым білім беру.
6. Балалардың сынып сайын алған білімдері мен дағдыларын, шаберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу.

7. Халықтардың бостандық, бейбітшілік, тәуелсіздік, еркіндік, тыныштық үшін жүргізген қаһармандық күрестерімен таныстыра отырып, баллардың сана-сезімін Отанды сүю, тыныштық пен халықтар достығы рухында қалыптастыру.
8. Саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету.
9. Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа, еңбек адамдарын жоғары бағалауға тәрбиелеу.

Бастауыш мектептегі оқудың негізгі принциптері- оны өмірмен байланыстыру. Оқу сабақтарында балалардың алған мағлұматтарының шындық екенін дәлелдеу, тәжірибеден көрсету мақсаты көзделеді.

Оқу сабақтарының міндеті- балаларда дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру.

Оқушыларды саналы оқуға үйрету, білімді саналы меңгерту, балалардың белсенділігін арттыру- оқу сабақтарындағы ең басты талап. Балалар бұл сабақтарда оқығандарына жақсы түсініп, ондағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен сезім күйін айыра білуге, процестер мен құбылыстарды дұрыс бағалай алуға үйренеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Оқудың бастауыш мектептердегі маңызы жөнінде әңгімелеңдер.
2. Оқу сабақтары қандай мақсаттарды көздейді?
3. Бастауыш мектеп бағдарламасымен танысыңдар.

Тақырып: Сыныптан тыс оқу.

Жоспар:

1. Сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру жұмыстары.
2. Сыныптан тыс оқу үшін тапсырмалар.
3. Ана тілі сабақтарын өтуде сыныптан тыс оқудың мазмұнына байланысты бастауыш сыныптарда орындалатын жұмыстар.

Кластан тыс оқуды белсенді ұйымдастырушы және оны басқарушы да мұғалім болуға тиіс. Сондықтан мұғалім өз оқушыларының кітапқа деген ынтасын үнемі арттырумен бірге, олардың қандай кітап оқуға тиіс екендіктеріне де бағыт беріп отырады.

Балалар бастауыш класты бітіргенде, кеңес ақын-жазушыларының белгілі шығармаларымен таныс болулары қажет екенін де үнемі ескертіп отырады.

Кластан тыс оқу жұмысын балалар мектепке келген кезден бастаған жөн. Өйткені сауат ашу кезінде оқушылардың ақыл-ойын, тілін дамыту жұмыстары балаларға түрлі түсті суретті кітапшаларды көрсету арқылы дауыстап, мәнерлеп оқи отырып жүргізіледі.

Екінші кластан бастап мұғалім балаларға мектеп кітіпханасынан алған кітаптарды бере бастайды. Оларға кітапты дұрыс ұстап, күте білудің ережелерін үйретеді: кітапты газетпен не қағазбен тыстап кою, оқыған кезде кітап беттерін бүктемеу, кітап беретін су немесе кір қолмен ұстап парақтамау т.б. Мұғалім бұл ережелерді анық етіп жазып, класқа іліп қояды.

Кластан тыс оқу оқушылардың кітапты өздіктерінен оқи алу дағдыларын арттырумен бірге, «Ана-тілі» оқулықтарындағы шығармалардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Балалар оқыған шығармаларындағы негізгі ойды аңғара білуге, сол оқиғаға өзінің қалай қарайтынын айтып, кейіпкерлердің әрекетіне баға бере білуге талаптануы қажет.

Кластағы оқу сабақтарыда оқушылар көркем тілмен жазылған шығармалардан басқа тарих, табиғаттану т.б. пәндерінен мағлұмат беретін материалдармен танысады. Осындай, класта алған ұғым кластан тыс оқу кезінде нығая, жетіле түседі.

Кластан тыс оқу сабақтарында мұғалім балалардың қандай кітаптарды оқығандарын біліп отырумен қатар, алдағы уақытта не туралы оқығылары келетінін де есепке алуы қажет.

Бастауыш мектептердегі кластан тыс оқудың мазмұны мен ұйымдастыру жолы жөнінде жаңа программаның жобасында былай делінген: «Кластан тыс оқудың мақсаты: баланың кластан тыс оқуы арқылы барлық пәннен алған білімін тереңдете түсу, кітаптан өзіне қажетті материалды, кітапханадан керекті кітапты іздеп тауып алуға көмектесу; өз бетімен жұмыс істеу дағдысын нығайта түсу; баланың эстетикалық және дүние тану құмарлығын арттыру.

Кластан тыс жүргізілетін оқуды ұйымдастырудың ең негізгі принципі-оның класта жүргізілетін тығыз байланыста болуы. Оқушының кластан тыс оқитын кітаптары класта өтілетін сабақтардың жалғасы түрінде ұсынылады. Оны мұғалім күнделікті оқу, табиғат тану, сурет, ән, еңбек т.б. сабақтарында және оқу бойынша жүргізілетін қорытынды сабақтарда сұрап, класта оқығандарына байланыстырып отырады...».

Сөйтіп, класта оқу сабағы жақсы ұйымдастырылса, онда көп мәселелер жөнінде әңгімеленсе, балаларды мұғалім осы мәселелер жайында тағы да біле түсуге қызықтыра алса, кластан тыс оқу сабағы да нәтижелі өтеді. Оқушыларға қандай кітаптарды оқу керектігі, олардың тізімі беріледі. Мысалы; класта М.Әлімбаевтың «Ұқыпты бала» және «Ұқыпсыз бала» өлеңдері оқылды делік, оның жалғасы ретінде «Ұқыпты оқушы» өлеңін оқытуға болады.

Класта оқушылар жазушының бір шығармасынан үзінді оқыса, сол шығарманы толықтыра оқу кластан тыс оқуда іске асырылады. Кейде белгілі ақын-жазушылармен балаларды толығырақ таныстыра түсу мақсатында оның класта оқылғаннан басқа шығармаларымен кластан тыс таныстыруға болады. Мысалы, Ы.Алтынсаринның «Әдептілік» әңгімесін оқығаннан кейін, оның «Өтіріктің залалы» т.б. әңгімелері кластан тыс оқуға беріледі.

Оқушылардың кітап оқуға қаншалықты ынталы және бейім екендіктерін білу үшін мұғалім олардың әрқайсысымен оқыған кітаптары жөнінде жеке әңгімелеседі; салған суреттерін, жазып алғандарын қарап, бүкіл деректермен жеке танысады. Кейде кітапханадағы карточкасын қарап көруге де болады. осындайыждағатты тексерудің нәтижесінде, балалардың қайсысы қандай тақырыпты жақсы көретіндері байқалады. Кейбір бала ертегілерді, кейбіреулері ерлік жайлы шығармаларды, ал бірсыпырасы қиял-ғажайып ертегілерін т.б. ұнатады.

Осыдан кейін мұғалім балаларды бір жақтылықтан сақтандыру мақсатымен, оларды басқа тақырыптарға қызықтыру жолдарын іздестіреді.

Балаларға кластан тыс оқуға арналған тартымды кітаптарды іріктеп немесе жаңадан шығып жатқан шығармалардың ішінен іріктеп ұсынады, әдемі суреттер мен безендірілген кітап жаймаларын, түрлі әдеби ойындар ұйымдастырады т.б.

Кластан тыс оқылуға тиісті кітаптардың тізімі бір тоқсанға арналып әр тоқсан сайын ұсынылып отырады. Балалардың оқуға ынтасын арттыру мақсатымен мұғалім ұсынып отырған кітаптарының ішінен кейбір оқиғаларды бастап айтып, одан әрі не болатынын осы кітапты оқып білесіңдер деп аяқтайды. Кейде кітаптың сыртындағы немесе ішіндегі кейбір әдемі суреттерді көрсету арқылы да қызықтыруға болады. Ал енді бір жағдайларда шығарманың, кітаптың атын, авторын ғана айтып, оның осылайша неге аталғанын білуді тапсыруға болады.

Бастауыш класс оқушыларын оқуға қызықтыру үшін 5-6 класс оқушыларының да көмегі зор. Өздерінің кішкене бауырларына бұрын оқыған кітаптары, әңгіме, ертегілері жөнінде, өздеріне ұнайтын жазушылар жөнінде әңгімелеп айтып берсе, олар сол кітапты өздері де тауып оқиды.

Оқу жылы аяғында балаларға жазғы демалыс кезінде оқитын кітаптарының тізімі беріледі де, оқу жылының басында сол көрсетілген кітаптардың қайсысын оқыған-оқымағандарын тексереді. Олардың оқыған кітаптары туралы жазғандарын, жерлерін, пікірлерін, кейбір үзінділерді, кейіпкерлердің аттарын, суреттерін т.б. қарайды, оқытады.

Міне, осындай жұмыстардан кейін қосымша оқуға тиісті кітаптардың тізімі беріледі. Мектептерде ана тілі сабақтарының өтілу жайы мен кластан тыс оқудың мазмұнына сай, бастауыш класс оқушыларымен мынадай жұмыстар орындауға болады:

1. Көркем шығармаларды (бір шығарманы немесе тақырыбына қарай топталған бірнеше шығарманы), ертегілерді, мақалаларды талдау.
2. Күнделікті баспасөздегі («Балдырған», «Ақ желкен», «Зерде» журналдары мен «Ұлан» газеті) мақалаларды оқу.
3. Кітаппен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

Көркем шығармаларды талдау үшін сюжетті әңгімелер қолайлы.

Оқушылардың өз беттерімен оқитын шығармаларына сұрау берудің қажеті жоқ, олар өз беттерінше қорытынды шығарғандары жөн, яғни әркімнің өз оқығандары жөнінде өз көзқарастары болғаны дұрыс. Кейде оқығандары жөнінде жолдастарынан сұрау, пікір алысу т.с.с. тыйым салынбайды.

Кластан тыс оқу сабақтарында көрнекі құралдар қолданудың да пайдасы мол. Мұнда да шығармада кездесетін қиын сөздер түсіндіріп отырғаны жөн.

Кластан тыс оқуда бір жазушының шығармасын талдауда сол жазушының өмірі мен қызметінен толығырақ мағлұмат беруге болады. Мұндай сабақ шамамен былай ұйымдастырылады:

- а) мұғалім немесе балалардың бірі жазушы жөнінде қысқаша әңгімелеп береді;
- ә) жазушының балаларға таныс кітабы я шығармасынан үзінді оқылады, кейде бір шығармасынан әдеби монтаж, ойын ұйымдастыруға да болады.

Бірінші сабақта сол жазушының өмірбаяны туралы айтылып, оның балалар оқыған шығармасы жайлы қысқаша әңгімеленеді де, басқа бір шығармасы тағы оқуға тапсырылады.

Екінші сабақта оқуға берілген шығарма талқыланады, ал үшінші сабақта қорытындыланады.

Жоғарыда бастауыш кластарда балалар ертегі оқуға өте құмар келеді. Мұндай сабақтарға көрнекі құралдарды балалардың өздеріне жасатуға болады. Бірқатар ертегілер жөнінде шыққан суреттер де бар («Түлкі мен бөдене» т.б.), ал көптеген ертегілер бойынша диафильмдер жасалды.

2-3 кластарда оқу үшін ұсынылатын материалдарды мұғалім өзі іріктейді, ал 4-класта балалар өздері іріктеп алады.

Оқушыларды газетпен таныстыру сабағын мына сияқты жүйемен жүргізуге болады:

а) балаларды өздерінің «Ұлан» газетіне қызығатындай етіп, газеттегі басылған мақалалардан үзінді келтіре отырып (балалардың мектептегі, үйдегі іс-әрекеттері мен еңбектері, ата-анасына қандай көмек көрсеткендері т.б.), әңгіме ұйымдастыру (балалар газетті оқи ма, ондағы мақалаларды түсіне ме, қандай мақалалар ұнайды т.б.).

ә) газетті кімдер шығаратынын, қай жерде, қай күндері шығатынын, қай кезден бастап шыға бастағанын айту.

б) «Ұлан» атты газетінің кезекті номерінің құрылысымен (макетімен) және мазмұнымен таныстыру. Мұндай сабақтарда қажет жерлері болса, географиялық карта, кітап жаймасы т.б. болғаны жөн.

«Балдырған» журналымен таныстыру сабағында журналдың кітаптан айырмашылығы (ай сайын шығып тұратыны, тақырыптарының алуан түрлілігі) айтылады.

Балаларды өз беттерімен кітап оқуға үйреткен кезде мұғалім оларға кітаптың маңызы, оқу мәдениеті, оқу ережелері т.б. жөнінде үнемі ескертіп отыруы қажет.

Кластан тыс оқуды есепке алып, тексеріп отыру жөнінде жоғарыда да айтқанбыз. Оған қосымша оқыған кітаптары жөнінде оқушыларға күнделік жаздырып үйретудің де орасан зор тәрбиелік мәні бар екенін еске сала кетудің артықтығы болмаса керек. Бұл балаларды ойларын жинақы, өз сөздерімен жаза білуге дағдыландырады, жазу қабілетін жетілдіреді. Күнделікке кітаптың аты, авторы, шыққан жылы, оқығаны қандай мақала екендігі және ол жөніндегі өзінің пікірі жазылуға тиіс.

2-3 кластарда оқыған кітаптарының авторы мен атын, шыққан жылын жазып, өздеріне ұнаған кейбір оқиғаларға сурет салып қояды, ал 4-класта осыларға қосымша өз пікірін жазып отыруы керек.

Президентіміз басшылығында тәлімнің жаңаша түрлерін өмірге келтіру және одан сапалы пайдалану үшін бірнеше жұмыстар амалға асырылуда. «Кадрлер дайындаудың ұлттық бағдарламасы» және білім туралы Заңдарды қабылдай отырып бірқанша жетістіктерге ерісіп жатырмыз. Талапкерлердің де білімі мен тәжірибесін арттыру мақсатында бірнеше сабақ үлгілірін келтіріп өтеміз.

3-сынып:

Қазақ тілі пәні

«Әлсіз топ» телебағдарлама теле-ойын сабағы

ТАҚЫРЫП: Сөз таптарын қайталау.

МАҚСАТЫ:

- 1) **Тәрбиелік:** әдептілікті, кішіпейілдікті ұқыптылықты қалыптастыру.
- 2) **Білімділік:** оқушылардың білімдерін тереңдету, жан-жақты білім алуын, қызығушылығын арттыру.
- 3) **Дамытушылық:** оқушылардың дүние танымын, көзқарастарын кеңейту және оларды еркін пікірлеуге үйрету.
- 4) **Кәсіптік бағдар беру:** оқушыларды кәсіпке, өнерге баулу.
- 5) **Ұлттық идея принциптерін** балалардың санасына сіңдіру.

Сабақтың түрі: сайыс сабақ

Әдісі: Телебағдарлама теле-ойын «Әлсіз топ» сабағы.

Жабдығы:

1. Эпиграф сөз жазылған плакат.
2. Дидактикалық материалдар, тест сұрақтары, суретті лото (кеспе суреттер), жұлдызшалар т.б.

Сабақ барысы:

1. Кіріспе сөз. Қанеки балалар, бүгін қазақ тілі пәні сабағында «Сөз таптары» тақырыбына шолу жасайық. Ол үшін топ басшыларын және жүргізушіні сайлап аламыз. Телебағдарлама ойын шарттарымен танысайық. Топ басшылары өз орындарыңызды жеребе арқылы белгілеп, орындарыңызды иеленіздер. Сабағымызда «Алтын қағида» ережелерін естен шығармайық:

- а) шуламау;
- ә) бір-бірін тыңдау;
- б) айтылған пікірлерді қайталамау;
- в) сабаққа белсенді қатынасу

2. Ең үздік оқитын бір оқушыны осы сабақты жүргізіп баруы үшін сайлаймын.

3. Әр топтың алған, жинаған балдарын (жұлдызшаларын) есептеп отырушы банк басқарушысын сайлаймын.

Жаңа сабақ: Жүргізуші ортаға шығады және бірінші тур басталғандығын хабарлайды. Ойын шартын белгілейді. Жүргізушінің қолында оқу бағдарламасына сәйкес өтілген тақырыптарға байланысты түзілген сұрақтары болады. (сұрақ – жауаптарға уақыт белгілесе де болады) жүргізуші бірнеше сұрақтардан соң бірінші тур аяқталғандығын хабарлайды.

1. 1 тур аяқталды. Енді «Әлсіз топ» анықталды.
2. Жүргізуші: «Не үшін мәселен, 2-топты «Әлсіз топ» деп атадың? – деп, 1-4 топтағыларға сұрақ береді. Олар төмендегіше сын, пікір білдіруі мүмкін. Себебі 2-топ оңай «Зат есімнің сұрағын білмей қалды». Соның үшін олар «Әлсіз топ» деп табылды. (өз ойларын, пікірлерін білдіреді) Ойыннан 2-топ шығады.
3. «Әлсіз топ» деп табылған топқа қосымша өзіндік жұмыстар тпасырылады. Мәселен, тест сұрақтары, карточкалар, суреттерге сөйлем құрастырып, сұрақ қою т.б.

Ескерту: Әрбір сұраққа жауап айтылған соң «Банк» сөзі айтылып отырады.

2-тур басталды.

Сергіту сәті: Мақал-мәтелдер (білім- оқу, еңбек, Отан туралы), жұмбақ, жаңылтпаштар айту.

2-тур. Басталды деп жүргізуші хабарлайды. Сұрақ-жауаптар ізбе-із беріледі. (жоғарыдағы шарттар орындалады) «Әлсіз топ» анықталады. Жүргізуші «Әлсіз топ»тарға берілген өзіндік жұмыстардың нәтижесін көріп шығады. Әрбір турда «Әлсіз топ» деп табылған топтар арасында «Бәйге», «Қыз қуу» ойындары ұйымдастырылып барылады. Мәселен, сөйлем ішінен сын есімді, сан есімді т.б. табу сияқты қосымша сұрақтар арқылы толықтырылады.

Ойын үшінші, төртінші, бесінші турға дейін жалғасады. Ең соңында финалға шығатын топ анықталады. Әрине, финалдың сұрақтары күрделі болуы тиіс. Сабақ соңында қорытынды жасалды, белсенді қатысқан оқушылар марапатталады. Сабақта білімдерін, еңбектерін оқушылардың өздері бағалайды. Мұнда өзін-өзі басқаруға, балға сенім артуға кең жол беріледі. Олардың ой-өрісі жетіле түсіп, білімдеріне баға беруге, өздігінше жұмыс жүргізуге үйрене бастайды.

4-сынып

Қазақ тілі пәні

«XXI ғасыр лидері» сабағы

Жаңа педагогикалық технология бойынша

Сабақтың тақырыбы: Зат есім тақырыбынан өткен материалдарды пысықтау және қорытындылау.

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың зат есім тақырыбынан алған деңгейлерін, сауаттылығын, түсініктерін анықтау;
2. Оқушылардың сауатты әрі көркем жазуын бақылау;
3. Оқушылардың өз ойын толық әрі көркем тілмен жеткізуін, әңгімелеу стилін, ойлау қабілетін дамыту;
4. Оқушыларды өнерге, кәсіпке баулу;
5. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды қастерлеуге үйрету.

Сабақтың түрі: пысықтау

Сабақтың әдісі: оқушылардың өзін-өзі басқаруы

Сабақтың жабдықталуы: Оқулық, оқу құралдары, кеспе суреттер, дидактикалық материалдар, графопроектор, тақта, бор, оқушылардың номерлері, жеңімпаздарға арналған сыйлықтар, карточкалар, тест сұрақтары, ойын элементтері т.б.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Ана тілі пәнімен сабақты байланыстыру.

Жаңа сабақ: Зат есім тақырыбынан өткен материалдарды пысықтау және қорытындылау.

Кіріспе сөз: Құрметті оқушылар! Бүгін біз сендермен бірге «XXI ғасыр лидері» деп аталатын жаңа сабақ өтеміз. Сабақта қазақ тілі пәнінен ең жақсы үлгерімге еріскен өзінің білімін тәжірибеде қолдана алатын, мәдениет пен өнерге, халқымыздың өткен өміріне қызығатын ең үздік оқушыларымызды анықтауымыз керек. Менің сендерден өтінішім сабаққа белсене қатынасып, өз білімдеріңді, ойларыңды айтыңдар, қажет болған жағдайда бір-біріңе көмек көрсетіңдер.

Сабақ бастамастан алдын сабақты алып барушы жүргізуші сайлаймыз. Сабақта Алтын қағиданы естен шығармайық.

1. Келесі сөз кезегі жүргізушіге:

Біз оқу жылы басынан «Сөйлем», «Дауысты дыбыстар», «Дауыссыз дыбыстар», «Зат есімнің септелуі», «Сөз таптары» сияқты үлкен тақырыптармен таныс болдық.

Келіңдер, балалар бүгінгі көрік-таңдау сайысында білімімізді сынап көрелік. Көрік-таңдау сайысымыздың 1 басқышын бастаймыз.

Шарттары:

1. Тест (графопроектор арқылы)
2. Викториналық сұрақтар.

Жүргізуші: Көрік-таңдау сайысының 1 басқышын қорытындылаймыз. 1 басқыш нәтижелеріне байланысты №1,5,6 оқушылар жеңімпаз деп табылады. (Тест сұрақтарына және викториналық сұрақтарға толық, дұрыс, анық жауап берген оқушылар іріктеліп алынады).

«Ізін жалғастыр» ойыны жеңімпаздар арасында қосымша өткеріледі. Ана тілінен (оқу кітабынан) кез келген ақынның өлеңін бір оқушы бастайды. Жеңімпаз оқушылар іркілмей жалғастыруы керек.

Енді сайысқа қатынаспай қалған оқушылар арасынан әділқазылар сайланады.

Әділқазылар:

- 1.
- 2.
- 3.

2. Жүргізуші: Сайыстың 2 басқышын бастаймыз.

Шарттары:

1. Талдау жасау және материал оқу
2. Жеке сұрақтар
3. Жаңылысқан даталар
4. Өзі қалаған мамандық туралы әңгімелесу

Шарттар толық орындалып болған соң;

Жүргізуші: Көрік таңдаудың 2 басқышын қорытындылаймыз.

Сөз кезегі әділқазыларға (бүгінгі көрік-таңдаудың жеңімпаздары №8,9,11,14,15,16,12,10... деп номерлерді атайды)

Жүргізушілер: Сайыста аз балл жинаған қалған оқушылармен жеке жұмыс жүргізеді. Оларға тапсырмалар беріп, жауаптарын тыңдайды, бағалайды.

«Ізін жалғастыр» ойыны жеңімпаздар арасында ойнатылады.

Жүргізуші: Енді көрік-таңдаудың 3 басқышын бастаймыз.

Шарттары:

1. Суретке қарап сөйлем құрастыру
2. Білімділік-тапқырлық (жеке тапсырмалар орындау)
3. Өнер туралы әңгімелесу
4. Эстетикалық (әдеп, инабаттылық тақырыптарда түсінік айту)
5. Ұлттық идея жөнінде түсінік айту (Отан туралы, Отанымыз мақтаныштары, жеңістіктері, байлықтары және табыстары) туралы

Жүргізуші: Көрік-таңдау сайысының 3 басқышын қорытындылаймыз. Кезек әділқазыларға: Бұл басқыш жеңімпаздары мыналар №11,14,9,15,10,8.

3 басқыштың жеңімпаздарына жеке атақтар беріліп, марапатталады.

1. Талапты
2. Өнерлі
3. Әдепті
4. Зерек
5. ХХІ ғасыр лидері

(арнайы матаға немесе қағазға аттары жазылып, оқушыларға беріледі)

Соңынан сабаққа қорытынды жасалады. Жеңімпаздарды құттықтап, оларға алғыс айтып, сабақты аяқтаймын.

2-сынып

Қазақ тілі

«Телемост-телевикторина» сабағы Жаңа педагогикалық технология бойынша

1. Сабақтың тақырыбы: Дыбыс пен әріп

2. Сабақтың мақсаты:

- 1) оқушыларды топ болып жұмыс жүргізуге дағдыландыру;
- 2) балалардың өз ойын еркін жеткізуді, дұрыс шешім табуға бағыттау арқылы тіл байлығын жетілдіру, дүниетанымын кеңейту;
- 3) өтілген тақырыптарға жалпы шолу жасау, пысықтау, іс жүзінде қолдана білу;
- 4) оқушыларды кәсіпке, өнерге баулу, журналист мамандығына қызығушылықтарын арттыру;
- 5) ұлттық идея принциптерін оқушылардың санасына сіңдіру.

3. Сабақтың типі және түрі: пысықтау сабағы «Телемост-телевикторина»

4. Сабақтың көргізбелігі: эпиграф сөзі, графопроектор, дидактикалық материалдар, тест сұрақтары, суреттер, рейтинг балл (сандар), телеэкран, үш топтың аты жазылған плакат.

Сабақтың барысы: 1) ұйымдастыру кезеңі

- а) оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатынасты анықтау;
- ә) алдағы жұмысқа жағдай жасау.

Оқытушы:

- Бүгін қазақ тілі пәнінен сабағымызды «Телемост» яғни «Телекөпір» деп атаймыз. Себебі сабағымызда топтар «көпір» арқылы байланыс жасап, өзара сайсады, әрбір топқа баға береді. Топ аралық осы сайысында қатысуға тілек білдіріп отыр. «Телемост-телевикторина» сайысына «Сөйлемдер елі», «Әріптер елі» және «Дыбыстар елі» қатынасып отыр. Сайысты журналист жүргізеді. Оған оқушылар арасынан үздік, тәртіпті, зерек оқушыны таңдап аламыз.

Тележурналист:

- Құрметті оқушылар біз сіздермен теледидарда көпір арқылы байланыс жасап отырмыз. Мен сіздерден бағдарламамызға ұйымшылдықпен қатынасуларыңызды сұраймын.

Сабақта білімдерің мен ептіліктеріңді сынап көреміз және «алтын қағида»мызды естен шығармауға шақырамын.

Жаңа сабақ: «Сөйлем», «Сөз», «дыбыс пен әріп» және «Буын» тақырыптарын пысықтау.

- Дайынсыздар ма?
- Иә, дайынбыз.

1-шарт: Топ басшыларын таңдау (жеребе тарқату арқылы)

2-шарт: Тақырып таңдау(топ басшыларына сұрақтар беріледі)

3-шарт: Топ таңдау(берілген сұрақтарға толық жауап берген топ басшысы қалаған топты таңдап, сол топпен бірге болады)

Тележурналист:

- Алыстағы «Сөйлемдер елі» сіздермен «Телекөпір» арқылы байланысып тұрмыз. Сіздердің бүгінгі телевикторина сайысы қатысушыларына тілегіңіз.

«Сөйлемдер елі»:

- «Әріптер елі» және «Дыбыстар елі» бүгінгі телевикторина сайысында жүлделі орындарға ие болуларына тілектестік білдіреміз.

4-шарт: Сұрақ-жауап

Тележурналист: - **«Сөйлемдер елі» сіздердің топқа сұрақтарыңыз.**

Біздер «Дыбыстар елі»не сұрақ бермекшіміз.

Сұрақ: Сөйлем дегеніміз не?

Тележурналист: - «Дыбыстар елі» сіздерге 30 секунд уақыт беріледі.

-Уақыттарыңыз бітті.

-Сұраққа дайынсыздар ма?

-Топтан кім жауап береді?

Біздің топтан ----- жауап береді.

Тележурналист:

-Жауап сіздерді қанағаттандыра ма?

-Иә, жауап толық.

-Жауап толық болғандықтан «Дыбыстар елі»не 3 балл қойдық.(3 балл жазылған карточканы көрсетеді).

«Дыбыстар елі», «Әріптер елі» кезекпен осылайша сұрақтар беріп жалғастырады.

Сергіту сәті:

5-шарт: Интернет-тест.(өтілген тақырыптар негізінде түзіледі, графопроектор арқылы экранға беріледі).

1. Дыбыстар нешеге бөлінеді?

А) 3

Б) 4

В) 2

2. Дауысты дыбыстар нешеу?

А) 15

Б) 12

В) 27

3. Я дыбысы қандай қос дыбыстың орнына жазылады?

- А) й+о
- Б) й+а
- В) й+у

4. Мына сөйлем неше сөзден құралған?

Біз Шеңгелді ауылында тұрамыз.

- А) 3
- Б) 4
- В) 2

5. Жұп дауысты дыбыстар қайсы қатарда жазылған?

- А) а, о, ұ, ы;
- Б) а-о, ұ-ы, ы-і;
- В) ә, ө, ү, і, е.

Қорытынды:

Тележурналист:

-Әр топтың қарсылас топқа қойылған балдар нәтижесін тыңдаймыз.

«Сөйлемдер елі» ---- балл

«Әріптер елі» ----- балл

«Дыбыстар елі» ---- балл

Тележурналист:

-Топ жетекшілеріне сұрақтар:

- 1) Осы «Телекөпір» сабағында сізгенелер ұнады?
- 2) Өз тобыңыздың нәтижесіне қанағаттандыңыз ба?
- 3) Тобыңыздың жетістіктері туралы айтсаңыз?

-жауаптарыңыз үшін рахмет! Осымен «Телемост-телевикторина» сайысы аяқталды. Келесі эфирде кездескенше сау-саламатта болыңыздар.

Сайысты жүргізген журналист:-----

Сабақтың соңы.

Тақырып: Сауат ашу кезеңінде жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының түрлері.

Жоспар:

1. Сауат ашу кезеңінде жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының түрлері.
2. Оқу-тәрбие жұмысының маңызы мен тиімділігі.

Сауат ашу кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының білімі мен дағдыларын қалыптастыруда және нығайтуда жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының түрлері төмендегіше.

1. Оқу сабақтарында, экскурсияларда табиғат құбылыстарын бақылап үйренеді (маусымдық өзгерістерді). Жылдың әр маусымындағы өзгерістерді салыстырады, жалпылайды және көктемнің, жаздың, күздің, қыстың белгілері жөнінде қорытынды шығарады. Маусымдық өзгерістердің себептерін түсіндіреді (күннің сәулесі мен жылуына байланысты). Табиғат календарын жасайды. Жыл маусымдарына қарай, адамдардың бау-бақшадағы, егістіктің, мал шаруасындағы қызметінің өзгерістерін байқайды.
2. Адамдардың тұрмысы мен қызметінде білімнің ролі туралы қарапайым елес қалыптасады. Оқу әрекетінің негізгі ережелерімен танысады, танымдық ойындар ойнайды, жұмбақтар шешеді, тату болу, сәтсіздіктерге күлмеу, оқудағы өздерінің және жолдастарының табыстарына қуану т.б.с.с. үйренеді.
3. Оқушы режимдерінің негізгі бөлімдерімен танысады. Оқулықтарды, оқу жабдықтарын ұқыпты ұстауға дағдыланады, ертеңгіліктерге қатысады (Кітап мерекесі, «Әліппемен кездесу», «Әліппемен қоштасу»).
4. Қоғам өмірімен танысады. Отаны туралы, туған жері, елі, халқы туралы, оның басынан өткен уақиғалары мен бүгінгі жайы, жетістіктері мен жаңалықтары, болашағы, салт, дәстүрі, мерекелері туралы және оларды неге мерекелейтіндіктерімізді т.б. біледі. Бұл түсініктерді Президент те барша оқытушы мен оқушылардан талап етеді және білуін көздейді. М; Наурыз мерекесі, Құрбан, Ораза айттары, Тәуелсіздік, Конституция мерекелері т.б.
5. Адамдардың еңбектерін бағалауға үйренеді, мектеп мүлкін сақтау, киімдерін күту, нан, басқа да тағамдарды төгіп-шашпау, ағаштардың бұтақтарын сындырмау, жер бетінде шыққан көгалдарды таптамау, суды, ауаны ластайтын әрекеттер

жасамау, өрт шығаратын нәрселермен ойнамау т.б.с.с. біледі және сондай әрекеттерге дағдыланады.

6. Мектептегі және қоғамдық орындардағы мінез-құлық нормаларымен танысады. Жақсы деген немене, жаман деген немене екенін айырады. Кішіпейілділік, мейірімділік, адалдық, қарапайымдылық, әділеттілік, инабаттылық, сабырлылық, төзімділік сияқты қасиеттердің не екенін біледі, олардың мәнін түсінеді.
7. Көшеде жүру тәртібімен, жол ережесімен танысады.
8. Санитарлық-гигиеналық ережелерді орындауға үйренеді.

Бұл жұмыстар сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақытта да жүргізіледі. Бұл жұмыстарды жүргізе отырып оқушыны білімділікпен қоса тазалыққа, әдеп нормаларына дағдыландырып, Президент, Отан, Туған жер, мектеп және оның мүлкіне деген сүйіспеншілік пен құрметті, ардақтау мен қадірлеуді, ұмытпау мен аялауды үйретеміз.

Сұраулар мен тапсырмалар:

1. Сауат ашу кезеңінде қандай тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі, себебін түсіндір.
2. Жоғарыда айтылған тәрбие жұмыстарының біріне тиісті әңгіме тауып, тәрбиелік жағын түсіндір.
3. Әліппеде берілген суреттердің біреуімен таныстыру жоспарын жаса және суретті әңгімелеп бер. (Мысалы, балалар ағаш кесті).